JOURNAL OF THE NATIONAL CONGRESS OF HISTORIANS
ISSN: 3105-0042. eISSN: 3105-0050

NATIONAL HISTORY – ОТАН ТАРИХЫ – ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ИСТОРИЯ

Научная статья / Research Article
МРНТИ / IRSTI 03.20.00

https://doi.org/10.65076/3105-0042.2026.3.50.68

Statesman and public figure Kazangap bi Satybaldyuly and his family

K. Nurbay✉
Kazakh agrotechnical research university named after S. Seifullin, Astana, Kazakhstan
✉*kairbolat.nj@gmail.com*

Abstract. The article analyzes information regarding the life and career of Kazangap bi Satybaldyuly, a prominent statesman and public figure who served as the Senior Sultan of the Bayanaul District. As indicated by the title, the subject of this study is an analysis of the life, career, and lineage of Kazangap bi Satybaldyuly. The study aims to highlight the significance and role within Kazakh society of political figures who left an indelible mark on history yet remain largely unknown to the general public – specifically Kazangap bi Satybaldyuly and his great-grandson, Kabysh Isauly Berdali. Methods of analysis, synthesis, and historical comparison were employed to examine the data regarding Kazangap bi Satybaldyuly's lineage. Based on an analysis of the data, the author concludes that Qazangap bi enjoyed high standing and influence among both Kazakh clans and officials of the local Siberian administration; his competence, integrity, fairness, and ability to reach agreements contributed to his growing prestige, while he also made a significant contribution to the development of the Kereku-Bayanauyl region and the protection of the interests of the local Kazakh population. The article also discusses the lineage of Qazangap Satybaldyuly - specifically, Baidaulet batyr (a close comrade-in-arms of his famous ancestor, Malaisary batyr) and other notable descendants. The name of Qabysh Isauly Berdali - Qazangap Bi's great-grandson – was once renowned throughout the Irtysh-Semey region, just as that of his ancestor, Qazangap bi, had been. A prominent figure of the Alash movement and a celebrated poet, Qabysh Isauly was a key representative of the national liberation "Alash" movement. Under his leadership, an "Alash" military unit comprising 150 men was formed to wage a struggle against the Bolsheviks. It is reported that on July 7, 1919, a delegation from the Semey region – including Raiymzhan Marsekov and Turagul Kunanbayev – was received by the Chairman of the Council of Ministers of the Provisional Siberian Government; the account notes that, while negotiating issues such as the Kazakh judicial system and land relations, the delegation members did not overlook the need to halt the persecution of the Kazakh intelligentsia. In conclusion, Qabysh Isauly Berdali can be counted among Turkic-oriented figures such as Mustafa Shoqai and Alikhan Bokeikhan. Archival records substantiate this view, noting that he was a poet who held Turkic-oriented views and authored poems opposing the policies of the Soviet government. Furthermore, the archives contain valuable information defining his character, describing him as a man of noble lineage who commanded significant influence and authority.

Keywords: Kazangap bi Satybaldyuly; Bayanaul district; senior sultan; lineage; Qabysh Isauly Berdali; Alash

For citation: Nurbay K. Statesman and public figure Kazangap bi Satybaldyuly and his family. *Journal of the National Congress of Historians.* 2026. Vol.7, no.3, pp.50-68. https://doi.org/10.65076/3105-0042.2026.3.50.68

© K. Nurbay, 2026

Мемлекет, қоғам қайраткері Қазанғап би Сатыбалдыұлы және оның әулеті

Қ. Нұрбай
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада мемлекет және қоғам қайраткері, Баянауыл дуанының аға сұлтаны қызметін атқарған Қазанғап би Сатыбалдыұлының өмірі мен қызметіне қатысты деректер талданады. Зерттеу пәні – тақырыпта атап көрсетілгендей, мақаланың мазмұны Қазанғап би Сатыбалдыұлының өмірі мен қызметі және оның әулеті жайлы талдаулар жасайды. Зерттеудің мақсаты есімдері қалың көпшілікке беймәлім, тарихта өшпестей із қалдырған Қазанғап би Сатыбалдыұлы, шөбересі Қабыш Исаұлы Бердәлі сияқты саяси тұлғалардың қазақ қоғамындағы орны мен рөлін көрсету болып табылады. Мақалада қарастырылып отырған Қазанғап би Сатыбалдыұлының әулеті туралы деректерді зерттеу барысында талдау мен синтез, тарихи салыстыру әдістері пайдаланылды. Деректерді талдау негізінде автор Қазанғап бидің беделі мен ықпалы қазақ ру-тайпаларының арасында да, жергілікті Сібір әкімшілігі қызметкерлерінің арасында да жоғары болған, оның біліктілігі, адалдығы мен әділдігі, келісімге келе білуі абыройының өсуіне ықпал етті, сондай-ақ Кереку-Баянауыл өңірінің дамуына, жергілікті қазақтардың мүдделерін қорғауда елеулі үлес қосты деген қорытындыға келеді. Сонымен бірге, мақалада Қазанғап Сатыбалдыұлының әулеті жайлы, атап айтқанда әйгілі атасы Малайсары батырдың үзеңгілес досы Байдаулет батыр және танымал ұрпақтары туралы баяндалады. Қазанғап бидің шөбересі Қабыш Исаұлы Бердәлінің есімі де кезінде атасы Қазанғап би сияқты күллі Ертіс-Семей өңіріне әйгілі болған. Алаш қайраткері, танымал ақын Қабыш Исаұлы ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының белді өкілі. Оның жетекшілігімен большевиктерге қарсы күрес жүргізу үшін 150 жігіттен құралған «Алаш» әскері құрылғаны және 1919 жылдың 7 шілдесінде Райымжан Мәрсеков пен Тұрағұл Құнанбаевпен бірге Семей облыстық делегациясы атынан Уақытша Сібір үкіметі, Министрлер кеңесінің төрағасы қабылдауында болғаны және қазақтың сот ісі, жер қатынасын реттеу сынды мәселелерімен келіссөз жүргізген делегация мүшелерінің қазақ зиялыларын қудалауды тоқтату қажеттілігін де назардан тыс қалдырмағаны баяндалады. Қорытындылай келе, Мұстафа Шоқай, Әлихан Бөкейхан сияқты түрікшіл қайраткерлердің қатарына Қабыш Исаұлы Бердәліні де жатқызуға болады. Мұрағат деректерінде Қабыш Исаұлы туралы сақталған «...ақын, түрікшіл ұстанымда, кеңес өкіметінің саясатына қарсы бағытталған өлеңдер табылған» – деген мәліметтер біздің ойымызды дәлелдейді. Сондай-ақ, мұрағат қорларында Қабыш Исаұлының тұлғалық болмысын айқындайтын «текті әулеттен шыққан, ықпалы мен беделі жоғары болған азамат» – деген құнды дерек сақталған.

Түйін сөздер: Қазанғап би Сатыбалдыұлы; Баянауыл округі; аға-сұлтан; әулет; Қабыш Исаұлы Бердәлі; Алаш

Сілтеме жасау үшін: Нұрбай Қ. Мемлекет, қоғам қайраткері Қазанғап би Сатыбалдыұлы және оның әулеті *Journal of the National Congress of Historians.* 2026. Vol.7, no.3, pp.50-68. https://doi.org/10.65076/3105-0042.2026.3.50.68

Государственный и общественный деятель Казангап би Сатыбалдыулы и его династия

К. Нурбай
Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина, Астана, Казахстан

Аннотация. В статье анализируются отдельные страницы жизни и деятельности государственного и общественного деятеля, старшего султана Баянаульского приказа Казангапа би Сатыбалдыулы. Предмет исследования – как указано в заглавии статьи, жизнь и деятельность Казангапа би Сатыбалдыулы и его династии. Цель исследования - показать место и роль таких исторических личностей, как Казангап би Сатыбалдыулы и его правнук Кабыш Исаулы Бердалин, оставивших неизгладимый след в истории. В ходе исследования истории династии Казангапа би Сатыбалдыулы были использованы такие методы, как анализ и синтез и историко-сравнительный. На основе анализа источников автор приходит к выводу, что авторитет Казангап би был высоким как среди казахских родов и племен, так и среди чиновников местной сибирской администрации, и что его профессионализм, честность и справедливость, умение договариваться способствовали росту его авторитета, развитию региона Кереку-Баянаул и внесли значительный вклад в защиту интересов местных казахов. В статье отмечается о предке Казангап би Байдаулет батыре, друге и соратнике известного батыра Малайсары, правнуке Кабыше Исаулы Бердалине, деятеле Алаш, поэте. Отмечается, что под руководством последнего был создан отряд Алаш из 150 жигитов, а 7 июля 1919 года он вместе с Раимжаном Марсековым и Турагулом Кунанбаевым был на приеме у министра Временного сибирского правительства, где велись переговоры о необходимости решения вопросов о судебных делах казахов, земельных отношений и прекращения преследования казахских деятелей. В заключение отмечается, что Кабыш Исаулы Бердалин находится в одном ряду с такими идеологами тюркского единства, как Мустафа Шокай и Алихан Букейхан, и что это доказывается, к примеру, такими словами, взятыми из архивных документов, как «...является поэтом, у него были обнаружены стихи антисоветского характера ... проводящие явно пантюркистские идеи…». Вместе с тем в архивных фондах сохранились ценные сведения, характеризующие его личность, – «происходит из благородного рода, пользуется большим влиянием и авторитетом среди населения».

Ключевые слова: Казангап би Сатыбалдыулы; Баянаульский округ; старший султан; династия; Кабыш Исаулы Бердалин; Алаш

Кіріспе

Қазақ тарихында тарихи тұлғалардың орны ерекше, себебі тарихты тұлға жасайды. Әсіресе, әулеттер тарихы өзекті тақырып болып табылады. Тарихта тұтастай әулеттерге арналған зерттеулер көп емес. Ондай әулеттерден небір мықты саясаткерлер, батырлар, хандар мен сұлтандар, билер шыққан. Мысал ретінде айтсақ, атақты Абылай хан әулетінен тараған, халқына, еліне адалдығымен, әділдігімен танылған сұлтандар Ғұбайдолла Уәлиұлы, Қасым Абылайұлы, Саржан Қасымұлы мен хан Кенесары Қасымұлы, Иман батырдың ұрпақтары Амангелді Иманұлы және Рамазан Амангелдіұлы. Екіншіден, тақырыптың өзектілігі мақаланың кейіпкерлері – Қазанғап би Сатыбалдыұлы мен

Қабыш Исаұлы Бердәлінің өмірі мен қызметінің аз зерттелгенімен өлшенеді. Үшіншіден, жалпы өлкетану тарихы аса өзекті тақырыптардың қатарына жатады.

Бүгінде тарихта өшпестей із қалдырған, бірақ та өмірі мен қызметі жайлы мәлімет аса көп емес кейбір саяси тұлғалардың есімдерін қайыра жаңғыртып халыққа қайтару бүгінгі ұрпақ үшін парыз. Сондай саяси тұлғалардың қатарында – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Қазанғап би Сатыбалдыұлы мен оның шөбересі, Алаш қайраткері Қабыш Исаұлы Бердәлі де бар.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу Орта Жүздің әйгілі биі, Баянауыл округтік дуанының аға-сұлтаны Қазанғап би Сатыбалдыұлының және оның шөбересі, Алаш қайраткері, ақын Қабыш Исаұлы Бердәлінің өмірі мен қызметін сипаттайтын жазба, көненің көзі қариялардың естеліктері, баспасөз беттеріндегі дереккөздердің талдауына негізделді.

Зерттеудің негізгі материалдарын Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты, Павлодар облысының мемлекеттік мұрағаты, Оренбург облысының біріккен мемлекеттік мұрағатының қорлары, ауызша деректер қатарына жататын М.Ж. Көпейұлының жазбалары және «Материалы по истории политического строя Казахстана», «Казахско-русские отношения в XVIII – XIX веках (1771-1867 гг.)» сияқты жинақтар құрайды.

Зерттеудің әдіснамалық негізін бірнеше өзара толықтыратын ғылыми тәсілдер құрайды, атап айтсақ тарихи-салыстырмалы әдіс, сыни талдау, әлеуметтік-психологиялық әдістері.

Тарихи-салыстырмалы әдісі билердің Қазақ хандығындағы дәстүрлі хандық билік жойылғанға дейінгі және одан кейінгі әлеуметтік ерекшеліктерін, сондай-ақ 1820 жылдардың басында енгізілген әміршіл-әкімшілік басқару жүйесінің қазақ қоғамының әлеуметтік топтарына, оның ішінде рубасыларына, билерге, саясаткерлерге, қоғам қайраткерлеріне тигізген ықпалын айқындауға мүмкіндік береді. Ал іргелес ғылым салаларында қолданылатын ғылыми таным әдістерінің бірі – әлеуметтік-психологиялық әдіс зерттеу үшін мол мүмкіндіктер ашады. Оның қолданылуы билердің, сондай-ақ мемлекет, қоғам қайраткерлерінің тарихи тұлға ретіндегі ішкі әлемін анықтауда маңызды.

Әдеби шолу

XVIII ғасырдың аяғы мен – XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген Қазанғап би Сатыбалдыұлына, осы кезеңге арналған зерттеулерге қатысты айтсақ, билер, аға-сұлтандардың өмірі мен қызметі жалпы қазақ-орыс қатынастары тақырыбы аясында қарастырылады. Бұл тақырыпқа арналған ғылыми жарияланымдар дербес зерттеулер ретінде де, сондай-ақ олардың қоғамдық-саяси және мәдени-ағартушылық қызметінің жекелеген қырларын қарастырған еңбектер құрамында кездеседі.

Революцияға дейінгі кезеңде ең алдымен, сұлтандық әулеттен шыққан зерттеушілердің еңбектері маңызды. Солардың ішінде қазақ ғалым-ағартушысы, хан Абылайдың ұрпағы Ш. Уәлихановтың еңбектерінде оның нағашысы, Баянауыл дуанының соңғы аға-сұлтаны Мұса Шорманов туралы деректер кездеседі (Валиханов 1968). Билер мен рубасыларына қатысты мәліметтерді ресейлік зерттеушілердің еңбектерінен көруге болады (Левшин 1996; Красовский 1868; Потанин 2007; Янушкевич 2005).

Кеңестік дәуірде билердің, рубасылардың өмірі мен қызметіне қатысты мәселелер Е. Бекмаханов, К. Жиренчин, Б. Сүлейменов пен В. Басин, және басқа да зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылды (Бекмаханов 1992; Жиренчин 1996; Сулейменов, Басин: 1981).

Қазіргі зерттеушілердің ішінде XIX ғасырдың өзекті мәселелеріне арнайы еңбектер арнағандар қатарында Б. Абдрахманова, Т. Бекбаева, Қ. Исабай, А. Қасымбаев, Г. Ксенжик, Ш. Саяхимова, К. Хафизова, бар (Абдрахманова 2010; Бекбаева 2006; Исабай 2003; Қасымбаев 2003; Ксенжик 2005; Саяхимова 2010; Хафизова 2019). Билер саяси институтының құрылу тарихы мен ерекшеліктерін Ә. Мұхтар зерттеген (Мұхтар 2020). Тікелей Қазанғап Сатыбалдыұлының қызметінің жекелеген қырларын Ж. Артықбаев қарастырған (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008).

Қазанғап би Сатыбалдыұлының шөбересі, Алаш қайраткері, ақын Қабыш Исаұлы Бердәліге, жалпы Алаш қозғалысы мен Алаш арыстарына арналған зерттеулерге тоқталсақ. бұл тақырыпқа С. Аққұлы, Д. Аманжолова, Б. Аяған, Т. Жұртбай, М. Қойгелдиев, Ж. Қыдыралина, К. Нұрпеисов, Н. Шаяхметов, М. Шоқай, шетелдік зерттеушілер Ә. Қара, В. Козодой, В. Шишкин және басқалары қалам тартқан (Аққұлы 2017a; Аққұлы 2017b; Аманжолова 2013; Аяған 2005; Жұртбай 2019; Қара 2004; Козодой 2021; Қойгелдиев 2021; Қойгелдиев 2004; Қойгелдиев 2014; Қыдыралина 2012; Нұрпеисов 1995; Шаяхметов 2001; Шоқай 1998; Шишкин 2011). Алайда Қабыш Исаұлы Бердәлінің өмірі мен қызметі зерттелмеген, тың тақырып. Кейбір зерттеушілер ғана Қабыш Исаұлының өмірі мен қызметінің жекелеген қырларына тоқталады. Атап айтқанда, мысалға үшін Д. Аманжолованың мәліметтері бойынша 1919 жылдың 7 шілдесінде Қабыш Бердәлі Райымжан Марсеков пен Тұрағұл Құнанбаевпен бірге Уақытша Сібір үкіметі Министрлер Кеңесінің төрағасы П. Вологодскийлдің қабылдауында болып, қазақтардың мүддесін қорғау үшін келіссөздер жүргізген (Аманжолова 2013: 275).

Зерттеу нәтижелері

Қазанғап Сатыбалдыұлы (1771-1856 жж.) қазақтың атақты батыры бәсентиін Малайсарының үзеңгілес досы Байдаулет батырдың шөбересі *(кейбір деректер бойынша – немересі),* Бәсентиін елінің төбе биі, сауаттылығы мен абыройы үлкен саяси тұлға, руы бәсентиін ішінде бөрі.

1843-1848 жылдар аралығында Қазанғап Сатыбалдыұлы Баянауыл сыртқы округін басқарады. Алайда сонау 1820 жылдары Орта Жүз қазақтарының жерінде алғашқы округтер құрыла бастағанда Қазанғап Сатыбалдыұлы дербес Баянауыл округін құру үшін көп еңбек сіңіреді және өзінің қарамағындағы бәсентиіндерді ғана емес «көрші Буранаймандарды да осы округке кіруге көндіреді» (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 43). 1833 жылы Баянауыл округі ашылғаннан кейін «халыққа да, жоғарғы ұлықтарға да ықпалы күшті, шен-шекпен, сый-сияпатқа басқалардан бұрын ие болған Қазанғап... – аға-сұлтан болып сайланбаса да есесіне – 5 болыс Бәсентиін елінің көңілін аулау үшін Қазанғаптың ұлы Бердәліні қазы қып сайлайды» (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 43-44).

Қазанғап орыс тілін жақсы білетіндіктен «... Батыс-Сібір губернаторы мен Омбы облысының басшысы қазақ даласындағы істері бойынша алдымен осы қазекең арқылы байланысып отырған» (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 43). «Мысалы,

Қалқаман көлінен шығарылған тұзды түйелерге артып, Керекуге тасымалдау жұмысын ұйымдастыруда Сібір үкіметіне үлкен қолғабыс тигізген. Жалпы, ол дала билері атынан орыс үкіметімен келіссөз жүргізіп, халқының игілігіне қажетті міндеттерді өз мойнына алыпты» (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 43).

Қазанғаптың аға-сұлтан қызметін атқарып жүргенінде жергілікті Омбы әкімшілігінің алдында қазақтардың қамын жеп мүддесін қорғағанын дәлейдейтін мысал келтірсек «... бәсентиіндер казак әскерлерінің үлесіндегі жерге мал жіберіп, 29 мың сотық жердің шөбіне зиян...» – келтіргендіктен казак әскерінің Коряковский, Выдрин сияқты өкілдері қазақтардан айып шығынын толық төлеуін талап еткен екен (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 29). Аталған «... жерді ертеде қоныстанған қазақтар екендігі... – анықталса да, – бұл әрекеттерді қылмыс етіп көрсету үшін, казак атамандары Ертіс бойына мал жайылдырған қазақтарды жоғары жаққа қаралап көрсетеді» (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 29-30). Осындай «... жағдайда аға-сұлтан Қазанғап Омбыға барып, қазақтарды көп айып төлеуден құтқаруды ойлаған – және – Қазанғапты арқа тұтқан бәсентиіндер салық төлеуден мүлде... – бас тартқан көрінеді» (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 29). Деректерге сүйене отырып Қазанғап бабамыздың қазақ халқының мұң-мұқтажын патша үкіметіне жеткізіп, мүддесін қорғаудағы еңбегі орасан зор деп айта аламыз, өйткені ол өз заманында сауатты, орыс тілін жетік меңгерген саяси тұлғалардың бірі болған. Сондай-ақ патша үкіметіне де билік басында екі жаққа да жағымды, ымырашыл, қоғамдағы беделі жоғары адамның болғаны қолайлы болды. Тарихшы-ғалым Ж. Артықбаевтың пікірі бойынша «Баянауыл округіне аға-сұлтан болуы да белгілі дәрежеде Қазанғап бидің өз заманында өз халқына да, Ресейге де жағымды болғанының көрінісі» (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 116). Орыс деректерінде Қазанғап Сатыбалдыұлының болмысын айқындайтын «парасатты, адал, шыншыл азамат» деген мәліметтер кездеседі (История Казахстана... 2006: 190-191).

Қазанғап Сатыбалдыұлының бойындағы парасаттылық, шынайылылық сияқты жағымды қасиеттерді, оны ымырашыл тұлға етіп көрсететін тағы бір мысал келтірейік. Есімі әлемге әйгілі Абай ақынның әкесі, 1849-1852 жылдары Қарқаралы округінің аға-сұлтаны қызметін атқарған Құнанбай Өскенбайұлы Қазанғап Сатыбалдыұлының үйінде жиі тоқтап, сыйлы қонағы, сырлас жолдасы болған, оны ерекше құрметтеген (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 44-46). Мәселен, «Құнанбай Бөжеймен арыздасып, ... Омбыға шақырылып, жолда Қазанғапқа сәлем бере кетейін деп келсе, палау бастырып шай береді» (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 44). Құнанбай Қазанғапқа мұңын шағады, сонда Қазанғап: «Тұман түбі – жұт,

Тұмау түбі – құрт,

Закон түбі – сот,

Соттың түбі – шорт, – деп – Бөжеймен алыспа, араздаспа, жеңсең, өзіңді жеңесің, жеңілсең, бойыңа мін-қарғыс таңба болады, – деп ағалық ақылын айтқан екен» (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 45-46).

Талқылау

Қазанғап Сатыбалдыұлының саяси қайраткер ғана емес, сонымен қатар мал шаруашылығы мен егін шаруашылығымен де айналысқан ірі кәсіпкер һәм халыққа жанашыр, демеуші болғанын тарихи деректер айғақтайды (Среднее Прииртышье... 2008: 208-

209). Мысалы, Қазанғап Сатыбалдыұлы 1843 жылы дуанбасы болған соң қызметін дуанға мешіт салдырудан бастаған екен және молда ғып Қазанның татары Ғабдулғафар есімді азаматты тағайындаған. Осы молдамен бірге еріп келген Рамазан деген татар жігітін Қазанғап қолына ұстап, сауда-саттығын жүргізетін көмекші еткен. Рамазан өз қамқоршысының тапсырмасы бойынша бүкіл Сібірді, Ірбіт, басқа да ірі жәрмеңкелерді аралап, сауда-саттық жүргізді (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 150). Тағы атап қосар болсақ, Павлодар облысы, Ақсу қаласының тұрғыны Жамбыл Қайырбеков пен Қызылжар ауылында тұратын Қаратай Жүкеновтың мәліметтері бойынша Қазанғап Сатыбалдыұлы Павлодар облысына қарайтын Ленин кентінде медресе салғызып қазақ жастарының білім алуларына қолқабыс тигізген екен (Ақпарат берушілер ... 2012)

«1856 жылы Қазанғап Сатыбалдыұлы қайтыс болғаннан кейін Рамазан Қызылжар, Омбы қалаларынан күйдірілген қызыл кірпіштер мен ақ мәрмәр тастар алғызып, басына ақ күмбезді кесене тұрғызған. Кесене ішінде Қазанғап бидің еңбектері жөнінде ақ мәрмәр тастан жазылған қабірүсті ескерткіш орнатқан. Кеңес үкіметі кезінде Қазанғап би кесенесі бұзылып, кірпіштері ауылдағы фермаларға жұмсалған. Кейіннен Рамазанның немересі Абдулфаттах Рамазанов Павлодар *(Керекуу)* қаласындағы Әлкей Марғұлан көшесінде Қазанғап биге арнап Ақ мешіт салғызған» (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 150-151). Зерттеуші-ғалым С. Мамытова тарихи деректерге сүйене отырып Қазанғап Сатыбалдыұлы мен оның ұрпақтарының Ертіс өңірінде ірі кәсіпкер-саудагер болғандарын жазады (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 131; Среднее Прииртышье ... 2008: 208-209).

Қазанғап Сатыбалдыұлының шешендігі де Арқа жұртының арасында кең тараған. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының деректеріне жүгінсек, сырым Малайсары батыр Байдаулет сардарға айтқан екен: «Байеке, ... бата-құтыңды кімге тастадың», – деп (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 149). Сонда Байдаулет батыр: «Менің құтым балам Сатыбалдының тұңғышында қалады, онда қалмаса мылтығымның ұнғысында қалады», – деген екен (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 149). «Байдаулет батырдың айтқаны келіп, Сатыбалдының үлкені Қазанғапта қалған екен. Қазанғапты сұраған сол заманның адамдарынан мынадай сөз бар: «Шоң *(Едігеұлы – Қ.Ж.Н.)* сөйлегенде қара арғымақты су түбіне батырады, Қазанғап сөйлегенде ол арғымақты су бетіне шығарады», – деген мағлұматтар бар (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 149). Атақты Шөже ақын Ертіс бойындағы Бәсентиін елін аралап жүріп шығарған өлеңінде Қазанғап Сатыбалдыұлы туралы былай деген екен:

«... Тұсында Керекудің апай, бөрі
Жақсының күнде жиын жүрген жері
Жол бермей азулыға қарсы тұрған
Қазекең өткен екен кемеңгері» (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 42, 152).

Танымал ақын Біржан сал Сара ақынмен айтысында...:

Ұл тумас Қазанғаптай ата ұлынан
Тұқымы дегдар шыққан жатынынан.
Полковник шен алады туған бала

Шырылдап түскеннен соң қатынынан», – деп, оны бүкіл Орта Жүз арғынның арысы ғып көрсетеді (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 42). М.Ж. Көпейұлы ел аузынан жазып алған аңыз-әңгімелерінің бірінде «бөріден шыққан, атағы жер жарған Қазанғап»

– деп оны сол қиын кезеңнің бір ғажап құбылысы ретінде көрсетеді (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 103).

Қазанғап Сатыбалдыұлының атақ-шені мен марапатталған белгі-сыйлықтары жөнінде айтар болсақ ол «... Сібір қазақтарының ішінде бірінші болып... Санкт-Петербург қаласында ақ патшаның қабылдауында болған – және – сол жылы старшын шенін алған..., жыл сайын 50 сом ақша алып тұратын болған» (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 42, 151; История Казахстана... 2006: 190-191). «1810 жылы капитан шенін алды, – 1817 жылдан бастап штаб-офицер және – сыйлыққа шекпен бас киімімен 500 сом ақшадай *(күміспен – Қ.Ж.Н.)* алған» (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 42-43, 151; История Казахстана... 2006: 190-191). «1825 жылы Батыс-Сібір генерал-губернаторының шекпенін иеленді» (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 151; История Казахстана... 2006: 190-191). 1833 жылы майор атағын, 1838 жылы 300 сом күміс ақша, 1842 жылы Владимир лентасына тағылған алтын медальды, 1844 жылы алтынмен апталған күміс бокалды иеленді (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 42-43, 151; История Казахстана... 2006: 190-191, 443).

Қазанғап Сатыбалдыұлының есімімен байланысты жер атауларына келсек «Қазанғаптың асуы», «Қазанғаптың қоралары» деген жерлер Баянауылға Павлодардан келетін тас жолмен кіре берістегі Төлеу бұлағының бас жағында» (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 103, 153). Сондай-ақ «Қазанғаптың жайлауы – Шұрық сордың маңы» болса, қыстауы Коряков станицасынан 12 шақырым Бауыртас аталған жерде деген мәлімет сақталған (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 152; История Казахстана... 2006: 443).

Қазанғап Сатыбалдыұлының әйгілі атасы, Байдаулет батыр жайында айтсақ, біздің болжамымыз бойынша ол Қайып хан елшілігінің құрамында *(Бекболат Екешев екеуі)* 1716 жылдың қыркүйегінде Тобылға келіп, «... Сібір губернаторы М. Гагаринмен «мәңгілік бітім» жасасу, Ресеймен Жоңғар хандығына қарсы әскери одақ құру туралы келісімге қол жеткізу және оларға сауда-саттық жолымен Тобылға баруға мүмкіндік беру үшін Ресейдің жақын жердегі рыноктарына қазақ малшыларының кедергісіз баруына кепілдік алу... - мәселелері бойынша келіссөздер жүргізген еді, – алайда Сібір губернаторы келіспеді» (Қазақстан тарихы... 2010: 111, 127).

Қазанғап би Сатыбалдыұлының танымал ұрпақтарына қатысты айтсақ, оның баласы Бердәлі Қазанғапұлы (1802-1842 жж.) Бәсентиін болысының биі, Баянауыл округінің қазысы (1833-1837 жж.), 1840 жылы аға-сұлтанға үміткер, «1841-1842 жылдары Баянауыл округінің аға-сұлтаны қызметін атқарды» (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 46-48, 151).

Қазанғап Сатыбалдыұлының немересі Иса Бердәліұлы (шамамен 1825-1899 жж.) ауылбасы, би болған, Алтыбай болысын басқарған[1]. «Иса мырзаның қайтыс болуына байланысты «Дала уәялатының газетінде» 1899 жылғы, 14 қарашадағы № 42 санында жариялынған мінақыпта мынадай жолдар бар: «Иса Бердәлі баласы қашан болса да халық пайдасын ойлаушы еді» (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 49). Сондай-ақ, павлодарлық зерттеуші В.Болтинаның мәліметтері бойынша бірінші бүкілресейлік санақ комиссиясының құрамына орыс шенділерімен қатар, Семей облысының әскери губернаторының 1896 жылы 14 қазандағы арнайы жарлығымен бекітілген Алтыбай болысының басшысы, «құрметті қырғыз» деген атағы бар Иса Бердәліұлы сайланған (Среднее Прииртышье...2008: 198).

Исаның баласы, Қазанғаптың шөбересі Қабыш Исаұлы Бердәлі есімі күллі Ертіс-Семей өңіріне әйгілі саясаткер, ақын, қоғам қайраткері, «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының белді өкілі (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 121-122, 124). Павлодар облысының мемлекеттік мұрағаты қорында Қабыш Исаұлының тұлғалық қасиеттерін айқындайтын «текті әулеттен шыққан, ықпалы мен беделі жоғары болған азамат» – деген құнды дерек сақталған[2].

Енді, Қабыш Исаұлының өмірі мен қызметіне көшпес бұрын айта кетерлік жайт, бүгінде Мұстафа Шоқай, Әлихан Бөкейхан сияқты Алаш қайраткерлерінің түріктілдес халықтарын бірікітіру керектігі туралы айтқан ойлары өзектілігін жоғалтпаған және Алаш азаматтарының осы бағыттағы қызметі толыққанды зерттелмеген. Аталған түрікшіл қайраткерлерінің қатарына есімі көпшілікке белгісіз, өз халқының мүддесі үшін аянбай қызмет еткен Алаш азаматы Қабыш Бердәліні де жатқызуға болады *(орыс деректемелерінде – Кабыш Бердалин).* Мысалға үшін, мұрағат деректерінде Қабыш Бердәліге қатысты «...является поэтом, у него были обнаружены стихи антисоветского характера,... проводящие явно пантюркистские идеи…» – деген құнды мәліметтер сақталған[3].

1920 жылдардың басында Алаш қайраткерлері түрікшілдік идеялар аясында жасырын ұйымдарға топтасып астыртын үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген көрінеді, бұл идеялардың республика аумағында, әсіресе оңтүстік аймақтарда мұсылман халықтарының арасында дәріптеліп қоғамда қолдау тапқанын мұрағат деректері айғақтайды. Атап айтсақ, Оренбург губерниясының, мемлекеттік саяси басқармасының 1924 жылдың мамыр айындағы мәліметтері бойынша «Түркістанды Кеңестер Одағынан бөліп алуды көздеген Түркия мемлекетінің жоспарын қолдаған зиялы қауым өкілдері Түркістан мен Бұхарамен байланысты Түркістанға жиі барып-келіп жүрген Оренбург қаласының 1-ші мешітінің имамы молда Хусаиновтың бауыры арқылы орнатқан»[4]. Тағы мысал келтірсек, кейбір мұрағат құжаттарынан алынған мәліметтер бойынша 1922 жылы Оренбург қаласында өткізілген алашордашылардың жасырын жалпықазақ құрытайында кеңес үкіметін күшпен құлату және Қазақстанда буржуазиялық-демократиялық республика құру туралы шешім қабылданған (Қазақстанның саяси тарихы... 2005: 63).

Түрікшілдік идеяларының Алаш қайраткерлерінің бастауымен қоғамда белсенді талқыланып өзекті мәселеге айналғанын, облыстар мен уездерде жергілікті кеңес өкіметі ұйымдарының жанында арнайы құрылған Түрік секциялары дәлелдей түседі. Мәселен, 1920 жылдың 9 ақпанында өткен Павлодар уездік төңкерістік комитетінің жиынында сөз алған Семей губерниялық төңкерістік комитетінің, Түрік халықтары секциясының төрағасы Әлімхан Ермеков уездік төңкерістік комитетінде де Түрік секциясын құру керектігі туралы баяндайды және оның ұсынысы бойынша Павлодар уездік Түрік секциясын уездік төңкерістік комитетінің мүшесі, 1918 жылы Павлодар уездік Алашорда Кеңесінің төраға орынбасары қызметін атқарған Ахметолла Барлыбаев басқаратын болды[5]. Дәл осы уақытта Паплодар уездік РКП (б) бюросында да Түрік халықтарының секциясы құрылып *(кейінде – Қырғыз секциясы, Қырғыз-Татар секциясы)* оны басқару Жұмат Шанинге жүктелді[6].

Алайда, өкінішке қарай 1925 жылдан бастап Ф. Голощекиннің билікке келуімен республиканың бетке ұстар азаматтары қуғындалып ұлт-азаттық, жалпы түрікшілдік

қозғалысының жетекшілеріне деген қысым күшейе түсті. Қабыш Бердалин өмірінің қайғылы кезеңі де осы Ф. Голощекин билігімен байланысты болды.

Қабыш *(азан шақырып қойған аты – Ғабділжапар)* Исаұлы Бердалин Омбы облысының аудандық АХАЖ бөлімінің 1996 жылы, 24 желтоқсанда берілген анықтамасына сәйкес 1867 жылы сол кездегі Семей облысының Павлодар уезіне қарасты № 8 ауылда дүниеге келген (Қамзин 1989). Кей деректе 1873 жылы туылған деп жазылған[7].

Кеңес өкіметі орнаған 1917 жылға дейін Қабыш Исаұлы Павлодар уезінің Қараоба болысын басқара отырумен қатар болыстық биге сайланып, би-ақсақалдар сотына төрағалық жасаған. Көненің көзі қариялардың айтуына қарағанда, ол кісі өте білімді адам болған, ағартушылық және діни сауаттылықты қатар меңгеріп, араб, орыс тілдерін білген (Қамзин 1989; Абдуллаұлы 1996). Зерттеуші, еңбек ардагері Шора Қамзиннің *(1996 жылы дүниеден озды)* мәліметі бойынша 1965 жылы Павлодар облысы, Потанин ауылының «Күрең ат» жайлауында көп жылдар бойы Қабыш мырзаның арнаулы ат күтушісі, делбе ұстаушысы болған Шайхы ақсақалмен жолығып, ол кісінің Қабыш Исаұлының адамгершілігін үлкен хикая етіп айтылғаны баяндалады (Қамзин 1989). Бұдан басқа қарамағында Файзурахман Тасыбайұлы қажы деген молдасы және етікшісі болған (Қамзин 1989). Шора Қамзиннің айтуынша, «Қабыштың өз бойында шонжарлық, тәкаппарлық мінез болмаған, ол көпшіл, ойшыл, жастарға тәрбие және өнер үйретуді көп қарастырған адам деседі. Жолдастыққа берік, өнерлі-ұста, шебер, етікші, сауатты, әнші мен күйшілерді жанына көп жинағанына жеткілікті дәлелдер бар» (Қамзин 1989).

Павлодар уезі және жалпы Семей облысы аумағындағы тұрғындардың арасында Қабыш Бердәлінің саяси сауаттылығымен қатар оның ақындық өнерін қаламынан туындаған өлең-жырлары дәлелдей түседі. Атап айтсақ, «Шүкірлік», «Ғабділманап *(Манап)* інісіне жоқтауы», «Мәкпуза бәйбішесіне арналған жоқтауы», «Қара ат», «Иманқұл *(Бозғозы найман)* досына арналған өлеңі», «Кәмпескеге арналған өлеңі», «Адасқанда» поэмасы (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 117-118). Кейбір мәліметтер бойынша Алаш азаматының араб тілінде жазылған өлеңдер қолжазбасы Ұлттық Ғылым Академияның ғылыми кітапханасындағы қолжазбалар және сирек кітаптар бөлімінде «Молла Мұқан» деген атпен сақтаулы (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 117-118). Осыған байланысты, Шора Қамзиннің баспасөз беттерінде айтқан пікірін келтіруді жөн санадық: «1990 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Боздағым» атты жинақта «Молла Мұқанның інісін жоқтауы» деген шығарманы оқып қайран қалдық. Себебі бұл жоқтауды шығарушы молла Мұқан емес, ақын Қабыш Исаұлы», – деп жазған екен (Қамзин 1992). Деректерге жүгінсек, 1936-1937 жылдары Алматыда болған әншілер жиынына қатысқан Әбдіғазиз Алтайұлы *(1967 жылы 80 жастан асып, дүниеден қайтты)* жас кезінде Қабыштың әнші-қосшысы болып, ел аралап, жиын, той, бәйгеге қатысқан уақыттарын ерекше әңгіме ететін де соған қосып ол кісінің шығарған өлеңдерін әнмен орындағанын талай рет тыңдап едім», – деп еске алатын Шора Қамзин ақсақал (Қамзин 1989). Сонымен қатар, ол кісі «Естайдың *(Естай Беркімбаев – Қ.Ж.Н.)* ақын, әнші қабілеті барын Қабыш түсіне біліп оған өзінің ақындық және композиторлық әсерін тигізген, Қабыштың көп өлеңдері ел аузында өз әнімен айтылады, ал соңғы кездерде ол кісінің әндерін кейбір ақындар айтысында және термешілердің пайдаланып жүргені байқалады», – деп жазған екен (Қамзин 1989).

Кейбір мәліметтерге қарағанда, Қабыш Бердәлінің, есімдері әйгілі әнге арқау болған Құсни мен Қорланға, қатыстығы бар сияқты. Мәселен, өлкетанушы-зерттеуші

Қазыбек Нұралиннің мәліметі бойынша «Қабыштың қалыңдығы *(Күлпаш, руы құлатай-қыпшақ – Қ.Ж.Н.)*... Арғынғазы Жолымбет баласы деген кісінің қызы болған. Арғынғазы Маралды жерінің *(Павлодар облысы – Қ.Ж.Н.)* болысы болған. Арғынғазының немере інілері Сұлтанғазы мен Сұлтанәлі Әкімбет балалары Ұрық жерінде бірі болыс, екіншісі сол болыстың биі екен. Қорлан мен Құснидің әкесі Сұлтанәлі болыс» (Нұралин 1989). Демек, бұл дерекке жүгінсек Құсни мен Қорлан Қабышқа бөтен адамдар емес, дәлірек айтсақ оның қайынжұрты. «Қабыштың аталары Маралды-Ұрық болыстарымен ертеден құдандалы болған және өзінің де қалыңдығы сол жақтан әкелінгендігі шындық», – деп Шора Қамзин ақсақалдың айтқаны жоғарыда келтірілген мағлұматты дәлелдей түседі (Қамзин 1989). Сондай-ақ, Шора ақсақалдың «Қабыштың Құсни және Қорлан атты қыздарды бұрыннан білуі, ұлтымыздың дәстүрі бойынша балдыздарын еркелетуі, қалжыңдауы мүмкін. Естайға да көрсетіп, әнге қосу сыйымды екенін ел *(қайын жұрт)* түсіне білген» *(Қамзин 1989),* – деп айтуы да орынды. Сондықтан, Қазыбек Нұралиннің «Маралды еліндегі қалыңдығына барған адам – Қабыш Тоғай бойындағы *(Ертіс бойындағы)* Бәсентиін елінің Қараоба болысы Исаның баласы», – деп жазғаны шындыққа жанасады (Нұралин 1989). Сонымен бірге, Шора Қамзин өзінің мақаласында «Қорлан әніне *(әйгілі «Құсни-Қорлан» әні – Қ.Ж.Н.)* Қабыштың да қатысы барлығын, әннің сөздерінде келетін араб тілдеріндегі атаулар байқатады. Өйткені мұндай парсы-араб тіліндегі есімдер Қабыштың өлеңдерінде жиі пайдаланылған», – деп жазған екен (Қамзин 1989). Шора ақсақалдың айтуынша «алашшыл Қабыш халқы алдында оқымысты, ақын және композитор болып танылыпты» (Қамзин 1989).

Кезінде Біржан Сарамен айтысында «Ұл тумас Қазанғаптай ата ұлынан» десе, Құдайберген ақын Қадишамен айтысында Кереку-Ертіс өңірінде Қабыш Бердалиннің беделдігі атап өтіледі: «Затында Апай-Бөрі Қабыш боп тұр

Қабыштар Керекуді қарына ілген» (Абдуллаұлы 1996 Абдуллин 1992).

Қабыш Бердалиннің Бибіханым Оспанқызынан туған Исенова (Исина) Нүрән Қабышқызының *(1925-1991 жж.)* айтуына қарағанда, әкесі білімді және діни сауаттылығы терең, құрметті адам болған. Той-думанның құрметті адамы болатын ол кісі тойда қолына домбыра алып, ән салатын. Сондай бір тойда *(Омбы қаласының маңындағы Таймас ауылында)* батыр палуан Қажымұқан Мұңайтпасов та қатысқан, бала Нүрәннің есінде қалғаны әкесі Қабыш пен Қажымұқан екеуі киіз үйдің төрінде қатар отырғандары.

Қабыш Исаұлы елдегі діни мәселеге ден көңіл бөліп, қызу қатысып отырған. Атап айтқанда, беделді және діни көзқарасы бар азамат ретінде Орталық мұсылман діни Басқармасының Павлодар аймағындағы өкілі Бүкілресейлік мұсылмандар құрылтайына қатысты[7].

Қазақтардың әлеуметтік-экономикалық өміріне қатысты маңызды және қандай да даулы мәселелерді шешуде халықтың атынан делдалдық қызметті де атқарып отырды, мәселен Қабыш Исаұлы Павлодар болысы, №3 ауыл тұрғындарының атынан қыстау маңындағы жер телімдерін Қырғыз тауөнеркәсіп акционерлік қоғамның иелігіне жалға беру туралы келісім-шарт жасап халықтың игілігі үшін қызмет еткен екен [8].

Қабыш Исаұлының саяси қызметіне қатысты айтсақ, өз заманында «Алаш» либералды-демократиялық партиясының аймақтағы төрағасы болған ол «Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтармен сыйлас, сырлас адам болған» (Абдуллаұлы 1996;

Болтина 1998). Орынбор қаласында 1917 жылдың 5-13 желтоқсан аралығында өткен II жалпықазақ құрылтайының шешімі бойынша «Алаш» ұлттық-аумақтық автономиясы жарияланып, оны басқаратын Уақытша Алашорда Ұлт Кеңесі құрылды. Оренбург қаласында өткен бұл құрылтайға Семей облысынан Қабыш Бердалин және Ахметолла Барлыбаев сайланды[9](Ілиясова 2003: 145, 152). Міне, осы тарихи оқиғадан кейін Дала өлкесінің барлық облыстары мен уездерінде Алашорданың жергілікті ұйымдары – облыстық және уездік Кеңестер құрыла бастады 10 (Ілиясова 1999: 157).

Семей облысының Павлодар уезінде коммунист-большевиктердің ықпалы зор болды. Сондықтан да, Қабыш Бердалин басқарған уездік Алашорда Кеңесі Семей облыстық және өзге уездік Кеңестерге қарағанда кеш құрылды (Шаяхметов 2001: 106). Большевиктерге бүйрегі бұрған Павлодар уезінің 7 ауыл тұрғыны Қарамбаев халықты жинақтап, жасырынған орыс большевиктерін құпияда сақтау керектігі жөнінде нұсқау береді (Ілиясова 1999: 119). Сол себепті, 1918 жылдың 15 ақпанында өткен Павлодар уезінің алғашқы қазақ құрылтайы большевиктер қыспағында өтті, 1917 жылдың желтоқсанында Павлодар қаласына майдангер әскерилердің келуі тепе-теңдік күшінің басымдылығын жұмысшы депутаттары Кеңесінің пайдасына шешіп, 1918 жылдың 18 қаңтарында Павлодарда большевиктер билігі орнаған еді[11].

Құрылтайда ұлттық қаржы қорын қалыптастыру мәселесі қарастырылды. Оның жұмысына Тұрағұл Құнанбаев және Міржақып Дулатов қатысып, жиналған қауым алдында сөз сөйледі. Алаш азаматтарының ұлттық қаржы қорын құру жөніндегі шақыру үндеуге жауап ретінде қала халқы 21939 сом жинап, бұл шара өз жалғасын табатынына сенім білдірді. Сонымен қатар, қаланың татар тұрғындары да ұлттық қаржы қорын өзіндік үлес қосу мақсатында қорға 8500 сом өткізген (Ілиясова 1999: 115-116).

Айта кетерлік жайт, Павлодар қаласының және уездегі қазақ халқы кеңес өкіметін құшақ жая оңтайлы қабылдай алмады. Онын басты себебі – коммунистердің саяси сипаттағы бағдарламасы болды, яғни бұл уезд қазақтарының дені қолдаған «Алаш» партиясының бағдарламасына тіптен қарама-қайшы болды.

Павлодар уезінің II қазақ құрылтайы қалада кеңес билігі құлаған тұста, яғни 1918 жылдың 13-16 маусым аралығында өткен болатын. Құрылтай қорытындысының маңыздылығы жоғары болды, себебі ресми түрде Павлодар уездік Алашорда Кеңесі құрылып, төрағалыққа Қабыш Бердәлі, төраға орынбасары болып Ахметолла Барлыбаев сайланды[12]. 1918 жылдың 19-20 шілде аралығында өтетін Павлодар уездік Земство жиналысына үміткерлерді дайындау туралы шешім қабылдаған уездің Алашорда Кеңесі, бұл міндетті уездік Кеңестің мүшесі Ахметолла Барлыбаевқа тапсырады (Ілиясова 1999: 116).

Айрықша атап айтатын жайт, Қабыш Бердәлінің Алашорда өкіметінің тапсырмасы бойынша жұмыстар атқарғаны, мәселен Ресейдің Уақытша Сібір уақытша өкіметімен келіссөздер жүргізгені тарихқа әйгілі. Атап айтқанда, 1919 жылдың 7 шілдесінде құрамында Қабыш Бердәлі, Райымжан Марсеков және Тұрағұл Құнанбаев бар Семей облыстық Земство өкілдігін Уақытша Сібір үкіметі Министрлер Кеңесінің төрағасы П. Вологодский қабылдайды. Қазақтың сот ісі, қазақ жерлерінің әкімшілік құрылымы, жер қатынасын реттеу сынды мәселелерімен келіссөз жүргізген топ мүшелері қазақ зиялыларын қудалауды тоқтату қажеттілігін де назардан тыс қалдырмаған (Шаяхметов 2001: 119; Аманжолова 2013: 275).

Қабыш Бердәлі жетекшілігіндегі Алашорданың уездік Кеңесі жас Қазақ мемлекетінің негізін қалыптастыруда айтарлықтай жұмыс жүргізді. Атап айтар болсақ, уездік Алашорда Кеңесінің басшылығымен Павлодар уезінде большевиктерге қарсы күрес жүргізу үшін 150 жігіттен құралған «Алаш» әскері құрылды, сондай-ақ осы мақсатта ақшалай және мал есебінде қаражат жинақталды[13]. Кеңес өкіметіне қарсы күресті Қабыш Бердәлі Алашорда құлағаннан кейін де, 1922 жылы Павлодар уезіндегі шаруалар көтерілісі кезінде жалғастырған болатын, алайда көп ұзамай Ф. Голощекин билікке келіп саяси жағдай түпкілікті өзгерді[7].

Жоғарыда атап өткеніміздей, Қабыш Бердәлі өмірінің қайғылы кезеңі Ф. Голощекин билігімен байланысты болды. 1928 жылдың 27 тамыздағы Қазақ орталық атқару комитеті қаулысының 1-ші және 5-ші бабтар негізіне сәйкес Павлодар округінің атқару комитетінің алқасы 1928 жылғы 18 қазанда Қабыш Бердалиннің мал-мүлкін тәркілеп, жанұясын Ақтөбе округіне жер аудару жөнінде шешім қабылдайды[7].

Қабыш Бердәлінің жұбайы Бибіханым Оспанқызы Қазақ өкіметі төрағасының атына туған жерден қоныс аудармауын өтініп, оның себебін өзінің және балаларының еш кінәсіз екендігі мен бір жасар баланың болуымен дәйектейді[14] (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 126). Алайда, жер аударудан босату туралы өтініш 1928 жылдың 14 қазанында Қызылордадағы Қазақ орталық атқару комитетінің алқасы жанындағы тәркілеу комиссиясында қаралғанмен, бұл шешім еш өзгермеді. Аталмыш жерге қоныс аудару барысындағы ауыртпашылық, соның нәтижесінде жолда жабысқан аурудан Бібіханым Оспанқызы қайтыс болып, Ақтөбе қаласында жерленеді. Осыдан кейін Қабыш Исаұлының үлкен ұлы Фариттің басшылығымен барлық балалары әкесіне жақын Омбы қаласына көшіріледі (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 126).

Павлодар округтік атқару комитетінің тәркілеу мен айып шешімін тоспай, жергілікті милиция мен ОГПУ ұйымдарының қудалауынан жасырынған Қабыш Бердәлі алғашқыда Омбы облысының Қызылту ауданында, одан кейін осы облыстың № 4 ауылында тұрады. Осы өңірде өзге атты жамылған Қабыш Бердәлі Алаш партиясының жақтастарымен ынтымақтастықты қызу жалғастыра отырып, кеңес өкіметінің қуғындау саясатының солақайлығын және жекелеген коммунистердің теріс іс-әрекетін өлең жолдары арқылы халыққа таратып отырды (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 127). 1934 жылдың 7 қаңтарында тыңшылардың жеткізуі барысында асыл азаматты ОГПУ ұйымдары тұтқындап, біраз уақыт Омбыдағы қалалық түрмеде ұстайды. Осы жылдың 15 наурызында Батыс-Сібір өлкесінің ОГПУ «ерекше үштігінің» қаулысы негізінде РКФСР ҚІ-нің 58-10-11 бабы бойынша революцияға қарсы қызметке қатысы бар деген айыппен 3 жылға бас бостандығынан айырылады. Жазаны өтеу үшін ОГПУ Сібір лагерінің Юрга лагеріне жөнелтіледі. Толық емес мәліметтер бойынша, Қабыш Бердәлі 1934 жылдың 3 маусымынан 1935 жылдың 1 қаңтарына дейін Сібір лагерінің Суслов бөлімінде, ал 1935 жылдың 1 қаңтарынан Сібір лагерінің Тайга бөлімінде қамалынып, 1935 жылдың 9 сәуірінде сонда қайтыс болады *(қазіргі Кемеров облысының Тайга теміржол бекеті, 1943 жылға дейін Новосибир облысына қараған)* (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 127). РКФСР ҚҚК-нің 4-ші бабтың 5-ші тармағына сәйкес 1957 жылғы 29 наурызында Сібір әскери округінің әскери сотының № 260 анықтамасы Қабыш Бердалин іс-әрекетінде қылмыстың еш жоқтығын анықтап, 1934 жылғы 15 наурыздағы ОГПУ «ерекше үштігінің» қаулысының күшін жойды. 1996 жылғы 18 маусымдағы Сібір әскери округінің әскери

сотының № 1360 анықтамасы Қабыш Исаұлы Бердәліні толықтай ақтап, оның негізсіз сотталуы «үштіктің» айыбы екенін айғақтап берді (Қазанғап би Сатыбалдыұлы 2008: 127).

Қорытынды

Қорытындылай келе, бүгінде Қазанғап Сатыбалдыұлы мен Қабыш Исаұлы Бердәлінің өмірі мен қызметіне қатысты мұрағаттық, өзге де деректер толық жинақталмаған, сондықтан да әр аймақтың, жалпы Қазақстанның дамуына үлес қосқан тарихи тұлғалар, әсіресе тұтастай әулеттер тақырыбында ғылыми-зерттеу жұмыстар жүргізу Қазақстан тарихы үшін төтенше маңызды, әрі өзекті мәселелердің бірі екені сөзсіз. Бұл тақырыпты зерттеу жақын болашақтың еншісінде деп сенеміз. Осы орайда айта кетерлік жайт, «Алаш» жетекшілерінің бір бөлігі кеңес өкіметінің жағына шығып, Қазақ мемлекеттігі үшін күресті жалғастырды. Алайда, саналы ғұмыры кеңес өкіметіне қарсы күреспен өткен Мұстафа Шоқай сынды Алаш азаматтары аз болды. Солардың қатарында өмірінің соңына дейін өз ұстанымына адал және ұлттық тәуелсіздік жолындағы күрескер ретінде қалып, кеңес өкіметін қаламаған Қабыш Исаұлы Бердәлі да болды.

Acknowledgments
The authors express their gratitude for the scholarly and editorial support provided during the preparation of this article.

Алғыс білдіру
Автор мақалаға ғылыми-редакторлық қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіреді.

Благодарности
Автор благодарит за научно-редакторское сопровождение статьи.

Ескертпелер

1. Билер, старшындар туралы мәлімет. Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты (әрі қарай – ҚР ОММ). қ.15, т.1, і.309, п.22-24.
2. Байлардың мал-мүлкін тәркілеу туралы: мінездеме. Павлодар облысының мемлекеттік мұрағаты (әрі қарай – ПОММ). қ.11, т.1, і.12, п. 180.
3. Кәмпескеленгендердің тізімі. ҚР ОММ. қ.135, т.1, і.217, п.1, 2.
4. Түрікшілдік туралы. Оренбург облысының біріккен мемлекеттік мұрағаты (әрі қарай – ООБММ). қ.1. т.1, і.440, п.26, 28-29.
5. Түрік секциялары туралы. ПОММ. қ.1466, т.1, і.1, п. 70.
6. Түрік секциялары. ПОММ. қ.7, т.1, і.8, п. 46-б.
7. Қабыш Бердалиннің жеке парағы. ПОММ. қ.11, т.1, і.12, п.181-182.
8. Қырғыз тауөнеркәсіп акционерлік қоғамының есебі. ҚР ОММ. қ.15, т.1, і.1605, п.3, 4, 5.
9. Алашорда мен Сібір үкіметінің арақатынастары. Томск облысының мемлекеттік мұрағаты (әрі қарай - ТОММ). қ. р-72, т.1, і.3, п.1.

10. Дала өлкесіндегі жағдай туралы. ҚР ОММ. қ. 15, т. 1, і. 1605, п. 3-4.
11. Павлодар уездік атқару комитетінің есептері. ПОММ. қ.7, т.1, і.20, п. 12.
12. Павлодар уездік революциялық комитетінің есептері. ПОММ. қ.1466, т.1, і.1, п.12.
13. Алаш әскерлерін құру туралы. ТОММ. қ.Р-72, т.1, і.5, п.15-16.
14. Кәмпескеленгендердің хаттары. ҚР ОММ. қ.135, т.1, і.217, п.3.

Әдебиеттер тізімі

Абдрахманова Б.М. *История Казахстана: власть, система управления, территориальное устройство в XIX веке.* Караганда: типография «Гласир». 2010. 380 с.

Абдуллаұлы Ж. *«Қабышым Керекуді қарына ілген».* Сарыарқа самалы. 29 қазан. 1996 жыл.

Абдуллин Ж. «*Жіберді алыс жерлерге».* Сарыарқа самалы. 16 мамыр, 1992 жыл.

Ақпарат берушілер: Жамбыл Қайырбеков, Қаратай Жүкенов. Полевые материалы автора за 2012 год.

Аманжолова Д.А. Алаш: исторический смысл демократического выбора. Алматы: Издательский дом «Таймас». 2013. 383 с.

Бекбаева Т.А. *Аякөз округі мен Аякөз уезінің 1831-1914 жылдардағы саяси-әкімшілік және әлеуметтік-экономикалық дамуы*. Тарих ғылыми канд. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы. 2006. 155 б.

Бекмаханов Е.Б. *Казахстан в 20-40 годы XIX века:* учебник. Алма-Ата: «Қазақ университеті». 1992. 400 с.

Болтина В.Д. *Личные архивы. Звезда Прииртышья*. 8 августа, 1998 год.

Валиханов Ч.Ч. *Собрание сочинений в пяти томах*. Том IV. Алма-Ата: Издательство «Наука» Казахской ССР. 1968. 782 с.

Жиренчин К.А. *Политическое развитие Казахстана в XIX – начале XX веков.* Алматы: «Жеті жарғы». 352 с.

Ілиясова Қ.М. *Қазақ съездері: қаулы-қарарлары мен шешімдері (1917-1919 жж.).* Құжаттар жинағы. Қызылорда. 2003. 176 б.

Ілиясова Қ.М. *Қазақ сьездері: қаралған мәселелері, шешімдері және олардың орындалуы (1917-1919 жж.).* Тарихи талдау. Алматы. 1999.

Исабай Қ. *Шоң би. Трилогия.* Астана: Елорда. 2005. 672 б.

История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков; Министерство образования и науки Республики Казахстан; Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова; составители: И.В. Ерофеева, Б.Т. Жанаев; транскрипция скорописи и предисловие И.В. Ерофеевой; комментарии Б.Т. Жанаева; научный редактор С.А. Жакишева. Том VI. Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII-XIX века. Алматы: Дайк-пресс. 2007. 504 с.

Қазақстанның саяси тарихы: XX ғасырдың бірінші жартысы: халықаралық ғылыми-іс-тәжірибелік конференция материалдары. 29 қазан 2004ж. Алматы: Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты. 2005. 126 б.

Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): бес томдық; [томның редакциялық алқасы: Қ. С. Алдажұманов [ж. б.] III том: Жаңа замандағы Қазақстан. Алматы: Атамұра. 2002. 768 б.

Қазанғап би Сатыбалдыұлы. 2008. Павлодар: «Кереку», 2008. 174 с.

Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы). (Сборник документов и материалов). Алма-Ата: Издательство «Наука». 1964. 575 с.

Қамзин Ш. *Уақыт озғанмен, асыл тозбайды.* Қызыл ту. 23 наурыз, 1989 жыл.

Қамзин Ш. *Исаның Қабышы. Дауа. Наурыз.* 1992 жыл.

Касымбаев А. *Административно-политические и законодательные нововведения России в Младшем жузе 20-40 гг. XIX в. и их колониальная сущность (исторический аспект)*: дисс. на соискание ученой степени степени кандидата исторических наук. Алматы, 2003. 165 с.

Красовский М. *Область сибирских киргизов.* Материалы для географии и статистики в трех частях. СПб. 1868. Ч. I. 428 с.

Красовский М. *Область сибирских киргизов.* Материалы для географии и статистики в трех частях. СПб. 1868. Ч. II. 464 с.

Красовский М. *Область сибирских киргизов.* Материалы для географии и статистики в трех частях. СПб. 1868. Ч. III. 264 с.

Ксенжик Г.Н. *Историческая география степных областей Казахстана в XIX - начале XX вв. Алматы:* Айғаным баспа үйі. 2005. 406 с. 3 картосхемы.

Левшин А.И. *Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей (под общей редакцией академика М.К. Козыбаева).* Алматы: Санат. 1996. 656 с.

Материалы по истории политического строя Казахстана. Том 1. Сборник составлен кандидатом исторических наук М.Г. Масевич. Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР. 1960. 441 с.

Мұқтар Ә., Ахметова Ұ., Атығаев Н., Ахмет А., Жұмабаев А. *Қазақ хандығы құрылымындағы билер, батырлар, қожалар, жасауылдар, аталықтар және тархандар институттары: олардың қызметі және жойылуы (XV-XIX ғғ.):* монография. Алматы: «Арыс» баспасы. 2020. 248 б.

Нұралин Қ. *Естай әндері. Қызыл Ту.* 26 қантар. 1989 жыл.

Потанин Г.Н. *Труды по этнографии и фольклору.* Астана: Издательство Павлодарского государственного университета. 2007. 248 с.

Саяхимова Ш.Н. *История Каркаралинского и Кокпектинского округов (1824-1867 гг.):* дисс. на соискание ученой степени кандидата исторических наук Астана. 2010. 167 с.

Среднее Прииртышье в источниках и материалах. 2008. Сборник документов и материалов (XVIII – начало XX вв.). Том 1-2. Павлодар: «Кереку». 219 с.

Сулейменов Б.С., Басин В.Я. *Казахстан в составе России в XVIII – начале XX века*. Алма-Ата: «Наука» КазССР.1981. 247 с.

Хафизова К.Ш. *Степные властители и их дипломатия в XVIII-XIX веках:* монография. Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК. 2019. 476 с.

Шаяхметов Н.У. *Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін*. Алматы: «АМУ», 2001. 149 б.

Янушкевич А. *Дневники и письма из путешествия по казахским степям*. Алматы: «Международный клуб Абая». 2005. 236 с.

References

Abdrakhmanova B.M. *Istoriia Kazakhstana: vlast, sistema upravleniia, territorialnoe ustroistvo v XIX veke. Karaganda:* Glasir printing house. 2010. 380 p. (in Russian).

Abdullauli Zh. *«Kabyshym Kerekudi karyna ilgen» Saryarka samaly.* October 29. 1996. (in Kazakh).

Abdullin Zh. *«Zhiberdi alys zherlerge». Saryarka samaly*. May 16, 1992. (in Kazakh).

Akparat beruzhiler: Zhambyl Kayrbekov, Karatay Zhukenov. The author's field materials for 2012. (in Kazakh).

Amanzholova D.A. *Alash: istorıcheskii smysl demokraticheskogo vybora.* Almaty: Taimas publishing house. 2013. 383 p. (in Russian).

Bekbayeva G.A. *Ayakoz okrugy men Ayakoz uyezinin 1831-1914 zhyldardagy sayasi-akimcsgilik zgane aleumettyk-ekonomikalyk damuy. Dissertation prepared for the degree of candidate of historical sciences.* Almaty. 2006. 155 p. (in Kazakh).

Bekmakhanov E.B. *Kazakhstan v 20-40 gody XIX veka. Uchebnik.* Alma-Ata: Textbook. Alma-Ata: "Kazakh University". 1992. 400 p. (in Russian).

Boltina V.D. *Lichnye arkhivy. Zvezda Priirtyshya.* August 8, 1998. (in Russian).

Valikhanov Ch.Ch. *Sobranie sochinenii v piati tomakh.* Volume IV. Alma-Ata: Publishing house "Nauka" of the Kazakh SSR. 1968. 782 p. (in Russian).

Zhirenchin K.A. *Politicheskoe razvitie Kazakhstana v XIX - nachale XX vekov.* Almaty: "Zhety Zhargy". 352 p. (in Russian).

Ilyasova K.M. *Kazak sieezderi: kauly-kararlary men sheshimderi (1917-1919 zhzh.).* Collection of documents. Kyzylorda. 2003. 176 p. (in Kazakh).

Ilyasova K.M. *Kazak sieezderi: karalgan maseleleri, sheshimderi zhane olardyn oryndaluy (1917-1919 zhzh.).* Historical analysis. Almaty. 1999. (in Kazakh).

Isabayi K. *Shon bi. Trilogy. Astana: Elorda*. 2005. 672 p. (in Kazakh).

Istoriia Kazakhstana v russkikh istochnikakh XVI-XX vekov; Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan; Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov; [compilers: I. V. Erofeeva, B. T. Zhanaev; transcription of cursive and preface by I. V. Erofeeva; comments by B. T. Zhanaev; scientific editor S. A. Zhakisheva]. Volume VI. Travel diaries and official notes on trips to the southern Kazakh steppes. XVIII-XIX centuries. Almaty: Dyke-press. 2007. 504 p. (in Russian).

Kazakstannyn saysi tarihy: XX g. birinzhi zhartysy (materials of the international scientific-practical conference). October 29, 2004. Almaty: Archives of the President of the Republic of Kazakhstan. 2005. 126 p. (in Kazakh).

Kazakstan tarikhy (kone zamannan bүginge deiin): five volumes; [editorial board of the volume: K.S. Aldazhumanov. Volume III: Kazakhstan in modern times. Almaty: Atamura. 2002. 768 p. (in Kazakh).

Kazangap bi Satybaldyuly. Pavlodar: "Kereku". 2008. 174 p. (in Kazakh).

Kazakhsko-russkie otnosheniia v XVIII – XIX vekakh (1771-1867 gody). (Collection of documents and materials). Alma-Ata: "Nauka" publishing house. 1964. 575 p. (in Russian).

Kamzin Sh. *Uakyt ozganmen, asyl tozbaidy. Kyzyl tu.* March 23, 1989. (in Kazakh).

Kamzin. *Isanyn Kabyzhy. Dauya. March.* 1992. (in Kazakh).

Kasymbaev A. *Administrativno-politicheskie i zakonodatelnye novovvedeniia Rossii v Mladshem zhuze 20-40 gg. XIX v. i ikh kolonialnaia sushchnost (istoricheskii aspekt). Dissertation on the competition of the academic degree of the candidate of historical sciences.* Almaty, 2003. 165 p. (in Russian).

Krasovsky M. *Oblast sibirskikh kirgizov. Materials for geography and statistics in three parts.* St. Petersburg. 1868. Part I. 428 p. (in Russian).

Krasovsky M. *Oblast sibirskikh kirgizov. Materials for geography and statistics in three parts.* St. Petersburg. 1868. Part II. 464 p. (in Russian).

Krasovsky M. *Oblast sibirskikh kirgizov. Materials for geography and statistics in three parts.* St. Petersburg. 1868. Part III. 264 p. (in Russian).

Ksenzhik G.N. *Istoricheskaia geografiia stepnykh oblastei Kazakhstana v XIX – nachale XX vv*. Almaty: Ayganym publishing house. 2005. 406 p. 3 maps. (in Russian).

Levshin A.I. *Opisanie kirgiz-kazachikh, ili kirgiz-kaisatskikh ord i stepei (under the general editorship of Academician M.K. Kozybaeva).* Almaty: Category. 1996. 656 p. (in Russian).

Materialy po istorii politicheskogo stroia Kazakhstana. Volume 1. Collection compiled by candidate of historical sciences M.G. Masevich. Alma-Ata: Publishing House of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. 1960. 441 p. (in Russian).

Muktar A. Akhmetova U., Atygaev N., Akhmet A., Zhumabaev A. *Kazak khandygy kurylymyndagy biler, batyrlar, kozhalar, zhasauyldar, atalyktar zhane tarkhandar instituttary: olardyn kyzmeti zhane zhoiyluy (XV-XIX gg.).* Monograph. Almaty: "Arys" publishing house. 2020. 248 p. (in Kazakh).

Nuralin K. *Estay anderi. Kyzyl Tu. January* 26. 1989. (in Kazakh).

Potanin G.I. *Trudy po etnografii i folkloru.* Astana: Publishing House of Pavlodar State University. 2007. 248 p. (in Russian).

Sayakhimova Sh.N. *Istoriia Karkaralinskogo i Kokpektinskogo okrugov (1824-1867 gg.).* Dissertation on competition of academic degree candidate of historical sciences, Astana. 2010. 167 p. (in Russian).

Srednee Priirtyshe v istochnikakh i materialakh. Collection of documents and materials (XVIII-early XX centuries). Volume 1-2. Pavlodar: "Kereku". 219 p. (in Russian).

Suleimenov B.S., Basin V.Ya. *Kazakhstan v sostave Rossii v XVIII – nachale XX veka.* Alma-Ata: "Nauka" KazSSR. 1981. 247 p. (in Russian).

Khafizova K.Sh. *Stepnye vlastiteli i ikh diplomatiia v XVIII-XIX vekakh.* Monograph. Nur-Sultan: KISI under the President of the Republic of Kazakhstan. 2019. 476 p. (in Russian).

Shayakhmetov N.U. *El bүginshil, meniki ertengi үshin.* Textbook. Almaty. 2001. 149 p. (in Kazakh).

Yanushkevich A. *Dnevniki i pisma iz puteshestviia po kazakhskim stepiam.* Almaty: "Abay International Club". 2005. 236 p. (in Russian).

Information about authors

Kairbolat Zhakenuly Nurbay – doctor of Historical Sciences, professor of the Department of History of Kazakhstan, Saken Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Victory Avenue, 62, 100024, Astana, Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0003-2795-3234, kairbolat.nj@gmail.com

Авторлар туралы мәлімет

Қайырболат Жакенұлы Нұрбай – тарих ғылымдарының докторы, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, Жеңіс даңғылы, 62, 100024, Астана, Қазақстан, https://orcid.org/0000-0003-2795-3234, kairbolat.nj@gmail.com

Сведения об авторах

Қайырболат Жакенұлы Нұрбай – профессор кафедры истории Казахстана Казахского агротехнического исследовательского университета имени С.Сейфуллина, доктор исторических наук, Проспект Женис, 62, 100024, Астана, Казахстан, https://orcid.org/0000-0003-2795-3234, kairbolat.nj@gmail.com

Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest / ***Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу***. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. ***/ Раскрытие информации о конфликте интересов.*** Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 10.07.2026
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами / Approved by reviewers: 10.08.2026.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 30.09. 2026